

Жалағаш ауданы аумағында иттер мен мысықтарды ұстau Нұсқаулығын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы мәслихатының 2009 жылғы 24 қыркүйектегі N 20-4 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жалағаш аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 22 қазанда N 10-6-129 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011 жылғы 20 маусымдағы N 43-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.06.20 N 43-4 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1-тармағының 8) тармақшасына және "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы кодексінің 311-бабына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жалағаш ауданы аумағында иттер мен мысықтарды ұстau **Нұсқаулығы** **бекітілсін.**

Ескерту. Тақырыбы мен мәтіндеріне өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2010.03.31 N 28-3 шешімімен.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

<p>XX-сессиясының төрағасы Аудандық мәслихат хатшысы "КЕЛІСІЛДІ"</p> <p>бөлімінің</p> <hr/> <p>07 қыркүйек 2009 ж.</p> <p>инспекциясының</p> <hr/> <p>08 қыркүйек 2009 ж.</p>	<p>Аудандық бастығы</p> <p>Жалағаш</p> <p>бастығы</p> <p>Жалағаш</p> <p>бастығы</p> <p>Жалағаш</p> <p>бастығы</p>	<p>мәслихаттың Б. АМИТОВ</p> <p>К. СҮЛЕЙМЕНОВ</p> <p>ішкі істер Б. Жарқынбаев</p> <p>мемлекеттік қадағалау О. Аханов</p> <p>аудандық аумактық Ұ. Құланбаев</p>
---	---	--

2009 жылғы
Жалағаш
шешімімен бекітілген

24 қыркүйектегі
аудандық

N 20-4
мәслихатының

Жалағаш ауданы аумағында иттер мен мысықтарды ұстau НҰСҚАУЛЫҒЫ

1. Жалпы ережелер

1. Ауданда иттер мен мысықтарды ұстau Нұсқаулығы (бұдан әрі-Нұсқаулық) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Зандағына сәйкес әзірленген.

Нұсқаулық ауданда иттер мен мысықтарды ұстau тәртібін реттейді.

Осы Нұсқаулық барлық иттер мен мысықтардың иелеріне, меншік түріне қарамастан занды және жеке тұлғаларға, сондай-ақ иттер мен мысықтарды серуенге алып шығатын барлық тұлғаларға (бұдан әрі-иелер) қолданылады.

2. Осы Нұсқаулықта тәмендегі түсініктер қолданылады:

1) ит - көлеміне, түсіне және басқа да белгілеріне қарамастан, сұт қоректі, қасқыр тектес үй жануары;

2) мысық - көлеміне, түсіне және басқа да белгілеріне қарамастан, сұт қоректі, мысық тектес үй жануары;

3) жануардың иесі - ит пен мысықты асыраушы, күтуші адам немесе иесінің келісіммен жалға алушы және осыған ұқсас әрекеттегі адам;

4) иесіз жануарлар - тіркеуде жоқ, иелерін анықтау мүмкін болмаған, иелерінен адасқан не болмаса қашып кеткен, иесі немесе жануарға жауапты адам тарапынан қараусыз жүрген жануарлар;

5) ветеринариялық паспорт - жануарларды және ветеринариялық іс-шараларды есепке алу мақсатында малдың иесі, түрі, жынысы, түсі, жасы, жүргізілген ветеринариялық дауалаудың мерзімдері мен сипаты көрсетілетін уәкілетті орган белгілеген нысандағы құжат;

6) иттер мен мысықтарды серуендету – иесінің меншігі болып табылатын немесе басқа тұлғаның жалға алған жануарлардың жайлардан тыс болуы, сондай-ақ иттер мен мысықтардың арнайы бөлінген аумақтарда серуендеуі болып табылады.

2. Иттер мен мысықтарды тіркеуге алудың тәртібі

3. Меншік түріне қарамастан заңды және жеке тұлғалар меншігіндегі иттер мен мысықтардың барлық түрлері жануарларды бірдейлендіру тәртібімен ветеринарлық ұйымда тізімдік есепке алынып, тіркеу барысында иелеріне ветеринарлық паспорт беріледі.

Тіркеу барысында иелер осы Нұсқаулықпен таныстырылады және танысқандығы туралы тіркеу кітабына қол қойылумен рәсімделеді.

4. Тіркелген иттер мен мысықтар иесінің меншігі болып табылады және кез-келген меншік ретінде заңмен қорғалады.

5. Иесінен жануарлар тек соттың шешімімен немесе Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы қолданыстағы заңнамасында қаралған жағдайларда ғана алынады.

3. Иттер мен мысықтарды ұстau тәртіbi

6. Иттер мен мысықтарды сатып алу мен сату, басқа бір адамға тапсыру, жалға беру және көліктің барлық түрлерімен аудан ішінде тасымалдау кезінде құтырма және басқа да жүқпалы ауруларға қарсы егілген уақыты белгіленген жануардың ветеринарлық паспорты болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

7. Иттерді қоғамдық көліктерде тасымалдау көліктің артқы аландарында, жолаушылардың мазасын алмайтын жағдайда жүзеге асырылуы қажет. Иттердің декоративті түрлерін және (немесе) мысықтарды сөмкеде, арнайы торларда (тасымалдауға арналған контейнерде), қолда алып тасымалдауға болады.

8. Иттер мен мысықтарды көпшілік пайдаланатын (ас әзірлеуге арналған бөлмелерде, кіреберістерде, баспалдақ аландарында, үйдің шатырында, жертөлелерде), қонақ үйлер мен жатақхана дәліздерінде ұстauға рұқсат етілмейді .

9. Егер жануардың иесі заңды тұлға болған жағдайда, жануарды ұстauға жауапты адам тағайындау ұсынылады.

4. Иттер мен мысықтарды серуендету тәртіbi

10. Иттерді тұмылдырықпен және қарғыбаumen қоршаған ортаға ешқандай қолайсыздық келтірмейтіндей етіп ертіп журуге және серуенге шығаруға болады.

11. Иттерді тұмылдырықсыз және қарғыбаусыз тек арнайы қоршалған аумақтарда, жаттықтыру аландарында серуендетуге болады.

12. Тиым салу белгілері орнатылған, сондай-ақ аулалардың балалар алаңқайында, шомылу орындарында, спорт аландарында, мектепке дейінгі және оқу орындарының, емдеу мекемелерінің аумақтарында иттерді серуендетуге болмайды.

5. Қараусыз жүрген иттер мен мысықтарды аулау

13. Қоғамдық орындарда иесіз жүрген иттер мен мысықтар қараусыз деп есептеледі және иесіз жануарларды ұстайтын арнаулы бригаданың (топтың) аулауына жаады.

14. Иесіз жануарларды аулау азаматтардың денсаулығына, мүлкіне, заңды тұлғалардың мүлкіне, сондай-ақ қоршаған ортаға зиян келтірмеу тәсілімен жүзеге асырылуы қажет.

15. Қараусыз жүрген иттер мен мысықтарды аулауды арнаулы бригада (топ) жүзеге асырауды жаады.

16. Ауланған қараусыз жүрген иттер мен мысықтар малды қөметін арнайы орындарда залалсыздандырылады.

6. Иттер мен мысықтар иелерінің осы Нұсқаулықты бұзғандығы үшін жауапкершілігі

17. Осы Нұсқаулықты бұзғаны үшін иттер мен мысықтардың иелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.